

## Маңызды стратегиялық мәні бар қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қарашадағы N 1193 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "McGuire Woods Kazakhstan" компаниясы "AIG Capital Partners Inc." және "Тема Real Estate Сошрану" компанияларымен болған дау бойынша шығарылған Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталықтың 2003 жылғы 7 қазандағы төрелік шешімін мәжбүрлі орындауға жол бермеу мақсатында мемлекеттің мүддесін қорғауды қамтамасыз ету үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар заң қызметтерін беруші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен: осы қаулының 1-тармағында көрсетілген компаниямен заң қызметтерін мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

осы қаулыға сәйкес заң қызметтерін мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 3, 4-тармақтарының орындауын;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне "McGuire Woods Kazakhstan" компаниясының заң қызметтерін көрсетуіне ақы төлеу үшін 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 10000000 (он миллион) теңге бөлінсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*